

## 2014 жылы қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұйымдастыру және оның көлемі туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 705 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 қаңтарда № 2510 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімі аппаратының 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 30 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімі аппаратының 06.01.2015 № 30 хатымен).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2–тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5) тармақшасына сәйкес, Қазығұрт ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты б о л а д ы .

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 04.07.2014 № 278 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2–1. Ақы төленетін қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбек заңнамасы, зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнама қ о л д а н ы л а д ы .

Ескерту. Қаулы 2-1 тармақпен толықтырылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 04.07.2014 № 278 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары  
С.А.Тұрсынқұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі Б.Д.Қыстауов  
Қазығұрт ауданы әкімдігінің  
2013 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 705 қаулысымен бекітілген

### **2014 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері**

**Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы  
Қазығұрт ауданы әкімдігінің 04.07.2014 № 278 қаулысымен (алғашқы ресми  
жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

к/с	Ұйымдардың атауы	Жұмыс түрлері	Адам саны	Қоғамдық жұмыстардың көлемі	Қаржыландыру көздері
1.	«Алтынтөбе ауылы округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Жаңабазар ауылы округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Жігерген ауылы округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Қакпақ ауылы округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Қызылқия ауылы округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Қазығұрт ауылы округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Қарақозы Әбдәлиев ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Қарабау ауылы округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Сабыр Рақымов ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Тұрбат ауылы округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Шарапхана ауылы округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Шарбұлақ ауылы округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Шанақ ауылы округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	тұрғындардың үйлерін аралау, ауылдық округтердің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу	169	6000 үй	аудандық бюджет
	«Ынтымақ» селолық тұтыну кооперативі, «Ынталы» селолық				

2.	тұтыну кооперативі, «Қазығұрт» селолық тұтыну кооперативі, «Ақтас» селолық тұтыну кооперативі, «Шарбұлақ» селолық тұтыну кооперативі, «Шанақ» селолық тұтыну кооперативі	қоғамдық жұмыстарға көмек көрсету аумақты абаттандыру және көгалдандыру	79	248000 шаршы метр	аудандық бюджет
3.	«Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі	азаматтарды шақыруды ұйымдастыруға көмек көрсету (шақыру қағазын тарату)	12	3500 дана	аудандық бюджет
4.	«Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Қазығұрт ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі	жастардың арасында салауатты өмір салтын насихаттау жұмысын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу («Сақшы» және «Тәртіп» пилоттық жобалары)	30	1300 іс-құжат	аудандық бюджет
5.	«Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	жалғызілікті зейнеткерлер мен мүгедектерге қызмет және күтім көрсету, үй аралау	5	8 6 жалғызілікті қарттар, 82 мүгедек балалар	аудандық бюджет
6.	«Қазығұрт аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу, абаттандыру және көгалдандыру, қоғамдық жұмыстарға көмек көрсету	8	5250 іс-құжат 50000 шаршы метр	аудандық бюджет
7.	«Қазығұрт аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	жастардың арасында салауатты өмір салтын насихаттау жұмысын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу	3	13 ауылдық округ аумағында	аудандық бюджет

8	«Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі	қоғамдық пікір сұрастыру, республикалық, аймақтық қоғамдық компанияларға көмек көрсету	4	13 ауылдық округ аумағында	аудандық бюджет
9	«Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу	3	1300 іс-құжат	аудандық бюджет
10	«Қазығұрт аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	мұрағат құжаттары мен тізімдерін жасау, құжаттарды қалыптастыру, оларды тігу	3	1300 іс-құжат	аудандық бюджет
11	«Қазығұрт аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	мұрағат құжаттары мен тізімдерін жасау, құжаттарды қалыптастыру, оларды тігу	8	3500 іс-құжат	аудандық бюджет
12	Қазығұрт ауданының әкімдігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Қазығұрт коммуналдық шаруашылығы мемлекеттік көп салалы кәсіпорны» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	демалыс және мәдениет орталық паркінің аумағын жинау; абаттандыру және көгалдандыру, қоғамдық жұмыстарға көмек көрсету	20	100000 шаршы метр 70000 шаршы метр	аудандық бюджет
13	Қазығұрт аудандық шаруашылық жүргізу құқығындағы «Таза су» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	су жүйелерінің ағымдағы және күрделі жөндеу жұмысына көмек көрсету, су төлемдерін жинауға көмектесу	4	3000 метр 1500 үй	аудандық бюджет
14	«Қазығұрт аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі	мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесу, аула клубтарының жұмыстарын жүргізу	1	13 ауылдық округ аумағында	аудандық бюджет
15		мәдени-көпшілік шараларды, мерейтой,	2		аудандық бюджет

	«Қазығұрт аудандық мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	мейрамдарды өткізуге көмек көрсету		13 ауылдық округ аумағында	
16	«Қазығұрт аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» мемлекеттік мекемесі	кітап қорын тексеруге көмек көрсету	4	11 700 дана	аудандық бюджет
17	«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті Қазығұрт ауданының Әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі	мұрағат кітаптарын ішінара жаңғырту, кітаптарды тігуге дайындау және жасақтау, үй аралау, сұраным бойынша іздеу салу	4	600 іс-құжат, 800 үй, 200 сұраным	аудандық бюджет
18	«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының аппараты) жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету Департаментінің Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының кеңсесі» мемлекеттік мекемесі	шақыру қағаздарын жеткізу, мұрағат құжаттарын өңдеу және мұрағатқа тапсыру істерін қалыптастыру	4	1500 дана, 500 іс-құжат	аудандық бюджет
19	«Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	мұрағатқа тапсыру үшін құжаттарды қайта қалыптастыру және мұрағат құжаттарын өңдеу	3	1300 іс-құжат	аудандық бюджет
20	«Қазығұрт ауданының мұрағаты» мемлекеттік мекемесі	құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу	3	4000 іс-құжат	аудандық бюджет
21	«Қазығұрт тынысы» газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	мұрағатқа тапсыру үшін құжаттарды қайта қалыптастыру және мұрағат құжаттарын өңдеу	3	500 іс-құжат	аудандық бюджет
22	«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қазығұрт аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі	құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу	4	3000 іс-құжат	аудандық бюджет
23	«Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі	мұрағат құжаттары мен тізімдерін жасау, құжаттарды қалыптастыру, оларды тігу	2	1200 іс-құжат	аудандық бюджет

24	«Қазығұрт аудандық ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі	құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу	4	2500 дана	аудандық бюджет
25	алып тасталды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 04.07.2014 № 278 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).				
26	«Қазығұрт аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі	құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу	4	1500 іс құжат	- аудандық бюджет
27	«Қазығұрт ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	мұрағат құжаттары мен тізімдерін жасау, құжаттарды қалыптастыру, оларды тігу	7	3000 іс құжат	аудандық бюджет
28	«Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партия қоғамдық бірлестігінің Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық филиалы	мұрағат құжаттары мен тізімдерін жасау, құжаттарды қалыптастыру, оларды тігу	4	1500 іс құжат	- аудандық бюджет
29	алып тасталды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 04.07.2014 № 278 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).				
30	Қазығұрт аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Қазығұрт аудандық бокс мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	мәдени-көпшілік шараларды, мерейтой, мейрамдарды өткізуге көмек көрсету	3	13 ауылдық округ аумағында	аудандық бюджет
	Барлығы:		400		

Ескертпе: қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.